



**БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ЖАЛАҚЫНЫ,  
БАСҚА ДА ТӨЛЕМДЕРДІ ЕСЕПТЕУ, ЖЕКЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР МЕН КЕПІЛДІКТЕРДІ  
ТАҒАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ВОПРОСАМ ИСЧИСЛЕНИЯ  
ЗАРАБОТНОЙ ПЛАТЫ, ДРУГИХ ВЫПЛАТ, НАЗНАЧЕНИЯ ОТДЕЛЬНЫХ  
ЛьГОТ И ГАРАНТИЙ РАБОТНИКАМ ОРГАНИЗАЦИЙ ОБРАЗОВАНИЯ**



Астана, 2025

№ р/н	СҰРАҚ	ЖАУАП
1	2	3
<b>I. ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУ</b>		
1.	Нормативтік оқу жүктемесімен қамтамасыз етілмеген педагогтарға төленетін еңбекақының көлемі туралы	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ұйымдар педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларының 17-тармағына сәйкес нормативтік оқу жүктемесі қамтамасыз етілмеген педагогтарға айына тарифтік мөлшерлеме толық көлемде, қосымша педагогикалық жұмыспен белгіленген нормативтік оқу жүктемесін келесі жағдайларда толықтырғанда, есептеледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) педагог-мамандарға көркем еңбек, музыка және дене шынықтыру сабақтарын беру үшін жағдай жасалған жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып педагогтарына;</li> <li>2) денсаулық жағдайы және басқа да себептер бойынша дене тәрбиесі және музыка сабақтарын жүргізе алмайтын жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып педагогтарына;</li> <li>3) өздерінің даярлығы салдарынан шет/қазақ/ орыс тілі сабақтарын жүргізе алмайтын шет тілін тереңдетіп оқытатын мектептердің бастауыш сынып педагогтарына, қазақ және басқа да ұлттық (орыс емес) тілдерінде оқытатын ауыл мектептерінің педагогтарына;</li> <li>4) орыс және басқа да ұлттық (қазақ емес) оқыту тілдері бар ауыл мектептерінің қазақ тілі педагогтарына;</li> <li>5) қазақ және басқа да Ұлттық (орыс емес) тілде оқытатын ауылдық бастауыш мектептердің орыс тілі педагогтарына;</li> <li>6) шалғай жерлерде орналасқан, ауыл мектептерінің дене шынықтыру педагогтарына, мектептердің шет тілі педагогтарына келесі міндеттер жүктелген кезде: <ul style="list-style-type: none"> <li>- дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру</li> </ul> </li> </ol>

		<p>(дене шынықтыру педагогтары үшін);</p> <p>- жазбаша жұмыстарды тексеру, сынып басшылығы бойынша (шет тілі педагогтары үшін).</p> <p>Қосымша педагогикалық жұмысқа денсаулық жағдайы бойынша мектепке барудан босатылған оқушылармен үйде сабақ өткізу, уақытша болмаған педагогтарды ауыстыру, ұзартылған күн тобындағы тәрбие жұмысы, оқу-тәрбие жұмысын жүргізу жатады.</p> <p>Білім беру ұйымының басшыларына білу маңызды!</p> <p>Жоғарыда көрсетілген Қағидалардың 14-тармағына сәйкес оқу жүктемесінің көлемі тарифтеуден кейін өзгере алады, бұндай жағдайда, еңбек шартына қосымша келісім жасалып, жүктемені өзгерту туралы бұйрық шығарылып, тарифтеу тізіміне өзгерістер енгізу жүргізіледі!</p>
2.	<p>Мектепалды даярлық сыныптар мұғалімдеріне, егер олардың нормативтік оқу жүктемесі аптасына 24 сағат болып, сондай-ақ оқу жоспары бойынша 20 сағат көзделсе, ал жеке пәндерді мамандарға беруді ескеріп, оның нақты жүктемесі аптасына 14-16 сағат болса, жалақы қалай есептеледі?</p> <p>Оны нормативтік оқу жүктемесіне дейін сағаттармен қалай толықтыруға болады?</p> <p>Оның жұмыс уақытының ұзақтығы қандай болуы қажет?</p>	<p>Мектепалды даярлық сыныпта оқу-тәрбие қызметін жүзеге асыратын педагог мұғалім емес, тәрбиеші деп аталады. Оның қызметі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.</p> <p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымы тәрбиешісінің негізгі еңбек міндеттері аталған лауазым бойынша біліктілік сипаттамасымен айқындалған «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі сынып тәрбиешісіне тек оқу жоспарының пәндерін оқыту міндеттері ғана емес, сонымен қатар біліктілік талаптарымен келісілген бірқатар өзге де міндеттер жүктеледі. Тәрбиеші өз міндеттерін нормативтік жүктемемен анықталған жұмыс уақыты ішінде орындайды. ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 8-бабының 3-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің айлық жалақысын</p>

		<p>есептеу үшін апталық нормативтік оқу жүктемесі 24 сағат мөлшерінде белгіленеді. Мектепке дейінгі сынып тәрбиешісінің нақты жүктемесі оның тікелей жүргізетін оқу сабақтарының санына қарамастан, аптасына тұрақты 24 сағатқа тең болады. (Мектепке дейінгі балалар ұйымындағы тәрбиеші бір ставкаға аптасына 24 сағат жұмыс жасайтын сияқты). Жоғарыда айтылғандар негізінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мектепалды сынып тәрбиешісінің жұмыс уақытының ұзақтығы оның апталық 24 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен анықталады, тәрбиешінің күнделікті жұмыс кестесі оқу сабағының кестесін ескере отырып, білім беру ұйымының әкімшілігімен дайындалып бекітіледі және бір ставкаға аптасына 24 астрономиялық сағаттан артық болмауы тиіс;</li> <li>- ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 3-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес мектепке дейінгі сынып тәрбиешісінің тарифтік ставкасы атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне қарай тарифтік ставканы есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді ҚР қолданыстағы заңнамасымен белгіленген базалық лауазымдық айлықақы (БЛА) мөлшеріне көбейту жолымен есептеледі. Тәрбиешінің жалақысын есептеу кезінде оның тікелей өткізетін оқу сабақтарының саны есепке алынбайды. Жалақыны есептеу үшін негіз оқу жүктемесі бір жұмыс ставкасына 24 сағат оқу жүктемесі болып табылады.</li> </ul>
3.	Қосымша білім беру ұйымдарында кабинет меңгерушілігі үшін қосымша ақы төлене ме?	<p>ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың</p>

		<p>қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 4-қосымшасының 1-тармағының 2)-тармақшасына сәйкес оқу кабинеттерін (зертханалар, шеберханалар, оқу-консультациялық пункттер) меңгергені үшін қосымша ақы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында көзделген. Қосымша білім беру ұйымдарында аталған қосымша ақы төленбейді.</p>
4.	<p>Педагогтің ваканттық сағаттарға жалақысы орнын ауыстыру түрінде ме әлде жалпы негіздеме бойынша анықтала ма?</p>	<p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын есептеу қағидасының 9-тармағына сәйкес негізгі жұмыс орны бойынша білім беру ұйымдарында педагогтердің сағаттық жалақысын есептеу ауырып қалған немесе басқа себептермен екі айдан аспайтындай уақыт ішінде жұмыста уақытша болмаған педагогтің міндеттерін орындау кезіндегі оқу сағаттары үшін жүргізіледі.</p> <p>Егер жұмыста уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындау қатарынан екі айдан асқан болса, педагогке еңбекақы оның орнын алмастырған күннен бастап жалпы тәртіп бойынша нақты педагогикалық жүктеменің барлық сағаттары үшін төленеді.</p> <p>Сағаттық еңбекақы жағдайында жұмыс жасайтын және каникул кезінде сабақ жүргізбейтін тұлғаларға бұл уақытқа еңбекақы төлемі жүргізілмейді.</p> <p>«Ваканттық сағаттар» жүктеме түрінде бөлініп, жалпы негіздемеде төленуі тиіс.</p>
5.	<p>Уақытша жұмыста болмаған жұмыскерді алмастырған жағдайда сағаттар қалай есепке алынады, қосымша ақылар төленеді ме?</p>	<p>Уақытша болмаған мұғалімдерді алмастыру - бұл мұғалімдердің науқастануына, іссапарына, демалысына және басқа да себептерге байланысты уақытша болмаған мұғалімдердің оқу жұмысының жазбаша келісімімен еңбек шартында айқындалған негізгі жұмысымен қатар орындауы.</p>

		<p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтарының жалақысын есептеу қағидасының 9-тармағына сәйкес негізгі жұмыс орны бойынша білім беру ұйымдарында бір сағат үшін педагогтардың жалақысын есептеу ауруы немесе басқа да себептері бойынша қатарынан екі айдан аспайтын уақытша болмаған педагогтың міндеттерін орындау кезінде оқу сағаттары үшін жүргізіледі.</p> <p>Сағаттық төлем оқу жүктемесінің нақты орындалған көлеміне пропорционалды түрде жүргізіледі. Бұл ретте оқу жұмысының бір сағаты үшін ақы төлеу мөлшері алмастыратын қызметкердің біліктілігін ескере отырып (педагогтардың жалақысын анықтау кезінде еңбекақыға көзделген қосымша ақылар мен үстемеақылардың тиісінше барлық түрлері ескеріледі), алмастырылатын лауазым бойынша аптасына педагогикалық жұмыс сағаттарының белгіленген нормасы үшін көзделген жалақыны алмастырылатын лауазым бойынша жұмыс сағаттарының орташа айлық санына бөлу арқылы айқындалады.</p> <p>Дәптерлерді тексеру үшін, ерекше еңбек жағдайлары үшін және т.б. қосымша ақылар уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындау кезінде оқу сағаттары үшін төленбейді.</p>
6.	Каникул кезеңінде педагогтарға еңбекақы төлеу туралы	<p>«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысының 4-Қосымшасына берілген Ескертпенің 2-тармағына сәйкес күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникул кезеңінде жасалған жұмыстар үшін педагогтардың еңбекақысы нақты жүктемені есептей отырып, каникул басталғанға дейін болған тарифтеу кезінде (қосымша ақыларымен) белгіленген жалақы есебінен төленеді.</p>

		<p>Осыған қоса, «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығының 15-тармағына сәйкес, оқу тоқсандары арасындағы және оқу жылы басталғанға дейінгі каникул кезінде, демалыс күндерін қоспағанда, білім беру ұйымдарының педагогтарына жалақы нақты жүктемені ескере отырып, каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген айлық жалақы есебінен есептеледі.</p> <p>Сонымен қатар, Салалық деңгейде оқу-ағарту қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Салалық келісімнің 5.9 тармағында тараптар оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулдары кезеңінде педагогтарға еңбекақы төлеу нақты оқу жүктемесін ескере отырып, каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген жалақы есебінен (қосымша және үстеме ақыларымен) жүзеге асырылады деп ұйғарылған.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес, каникул кезінде айлықақы нақты жүктемені қосымша, үстеме ақылары есебімен есептей отырып, каникул басталғанға дейінгі белгіленген жалақы есебінен төленуі тиіс.</p> <p>Каникул мерзімінің ұзақтығы жалақынының есептелуіне ешқандай әсер етпейді.</p>
7.	Жұмысты қоса атқаратын педагогтардың еңбек ақысы каникул мерзімінде сақтала ма?	<p>ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысына 4-қосымшаның ескертпесінің 2-тармағына сәйкес оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы каникулдары кезеңінде педагогтерге еңбекақы төлеу каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде (қосымша ақы есебімен) белгіленген жалақы нақты жүктемесі</p>

		<p>есебімен жүргізіледі.</p> <p>Сонымен, қоса атқару жағдайында жұмыс істейтін педагогтардың еңбек ақысы оқушылардың каникулдары кезеңінде каникул басталар алдындағы белгіленген нақты жүктемесі, қосымша ақы есебімен жүргізіледі.</p>
8.	Қызметтерді қоса атқару кезінде ерекше еңбек жағдайы үшін қызметкерге үстеме ақы қалай төленеді?	<p>Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықтан 10% мөлшерінде үстеме ақы ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 18-қосымшасының 15-тармағымен көзделген.</p> <p>Қоса атқару жағдайында қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге қосымша ақы негізгі лауазымы бойынша да, қоса атқару жағдайында атқаратын лауазымы бойынша да тағайындалады. Яғни, негізгі жұмысын қоса атқару бойынша жұмыспен атқаратын қызметкерлерге аталған қосымша ақы негізгі жұмысы бойынша айлыққа да, қоса атқару бойынша нақты оқу жүктемесінен есептелген ставкаға да есептеледі.</p>
9.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында қазақ тілі оқытушысының бірлігі белгіленген. Жоғары білімі болған жағдайда, олар азаматтық қызметшілер лауазымдары Тізбесінің қандай буыны мен сатысына жатады?	<p>ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» № 224 бұйрығының 4-тармағына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында қазақ тілі оқытушысының бірлігі белгіленді.</p> <p>Педагогтер лауазымдарының Тізбесіне сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен барлық мамандықтағы мұғалімдердің лауазымдары педагогтарға жатқызылды.</p> <p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338</p>

		<p>бұйрығымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының Үлгілік біліктілік сипаттамаларының 21-тармағына сәйкес мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қазақ тілі мұғалімі қазақ тілін меңгеру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ететін балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізеді.</p> <p>Жоғарыда айтылғандар негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы қазақ тілі мұғалімінің лауазымы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығымен бекітілген Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесі бойынша 1-4 сатысы бойынша (біліктілік санатына байланысты) В2 және В4 буындарына (білім беру деңгейіне байланысты) жатады.</p>
10.	<p>Мектеп бухгалтерлері, лаборанттар, іс жүргізушілер 2010 жылдан бастап ауылдық жердегі жұмыстары үшін 25 % үстеме ақы алмайды, төленбейді. Заң бойынша ауылдық жердегі жұмыстары үшін үстеме ақы тиесілі ме?</p>	<p>ҚР Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленеді.</p> <p>Аталған мамандар лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді орган мен келісу бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.</p> <p>Сондай-ақ, бұл норма «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген, яғни ауылдық аумақтарды</p>

		<p>және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мақсатында ауылдық елді мекендерге денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы мамандардың яғни, мұғалімдердің, дәрігерлердің және т.б. тартылуын ынталандыруға бағытталған.</p> <p>Осылайша, жоғарыда аталған тізбені жергілікті атқарушы орган жергілікті өкілді органмен келісу бойынша осы және өзге мамандардың қажеттілігіне қарай және әрбір ауданның қаржылық мүмкіндігіне қарай айқындайды.</p>
11.	<p>ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 қаулысына сәйкес ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықтан 10% мөлшерінде үстеме ақы тағайындалған, аталған қосымша ақыны негізгі лауазымынан бөлек сабақ беретін пәндерінің сағаттары үшін мектеп директорларына, мектеп директорларының орынбасарларына төлеу заңды ма (директор, директордың орынбасары) (мысалы, мектеп директоры – 1 ставка + аптасына педагогикалық жүктеменің 9 сағаты – директордың 1 ставкасына 10% үстеме ақы + аптасына</p>	<p>Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықтан 10% мөлшерінде қосымша ақы ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысындағы 18-қосымшасының 15-тармағында көзделген.</p> <p>Лауазымдарды қоса атқару жағдайында қосымша жұмысты орындайтын қызметкерлерге қосымша ақы негізгі қызметі бойынша да, қоса атқару жағдайындағы лауазымы бойынша да тағайындалады. Сондықтан, негізгі жұмысымен қатар лауазымды қоса атқару бойынша жұмыс жасайтын білім ұйымының басшысына, аталған қосымша ақы басшының айлығына және мұғалім лауазымы бойынша нақты оқу жүктемесінен есептелген ставкасына төленеді.</p>

	педагогикалық жүктеменің 9 сағатына 10% үстеме ақы)?	
12.	Балалармен тікелей жұмыс жасайтын, шын мәнінде педагог болып табылатын әлеуметтік педагогтер неге В3 санатына жатады, бұл еңбекақы төлеу мәселесіне тікелей қатысты ма?	<p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтарындағы №123 бұйрығымен бекітілген білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдары Тізбесінің «В» блогында (негізгі персонал) сала ұйымдарында оқу және тәрбие жұмысын жүзеге асыратын педагогтер лауазымдары топтастырылған.</p> <p>Оларды Тізбенің буындары мен сатыларына бөлу біліктілік деңгейіне, еңбектің күрделілігі мен санына қарай жүргізіледі. Білім саласындағы уәкілетті орган, аталған Тізбені әзірлеу кезінде түрлі деңгейдегі оқу бағдарламалары мен білім беру түрлерін тікелей іске асыруды қамтамасыз ететін лауазымдардың артықшылығын көрсеткен.</p> <p>Дәл осы себеп бойынша әлеуметтік педагог лауазымымен салыстырғанда неғұрлым жоғары буындар мен сатыларда мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, арнайы (түзету) және мамандандырылған білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері, оның ішінде мұғалім-дифектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), мұғалім-логопед, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының өндіріске үйрету шебері, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог-психологы топтастырылған.</p> <p>Біліктілігі, педагогикалық және әдістемелік міндеттері бойынша неғұрлым күрделі жұмысты жүзеге асыратын мұғалім екені анық.</p>
13.	Аптасына нормативтік оқу жүктемеден артық, мысалы апталық 24 сағат оқу жүктемесі бар мұғалімге каникул	ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне жалақы есептеу қағидасының 15-тармағына сәйкес оқу

	кезіндегі жұмысы үшін қалай төленеді?	<p>тоқсандары арасындағы және оқу жылы басталғанға дейінгі каникул кезінде, демалыс күндерін қоспағанда, білім беру ұйымдарының педагогтеріне жалақы нақты жүктемені ескере отырып, каникул басталар алдындағы тарифтеу кезінде белгіленген айлық жалақы есебінен есептеледі.</p> <p>24 сағат көлемінде оқу жүктемесі бар мұғалім, каникул кезінде қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесімен белгіленген көтерме, қосымша және үстеме ақыларды ескере отырып, аталған жүктемеден есептелген жалақыны алады.</p>
14.	Интернат ұйымдары тәрбиешілерінің жұмыс уақыты режимі және еңбекақы төлеу туралы	<p>Педагогтың жұмыс уақытының режимі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) нормаларымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығымен бекітілген Педагогтың жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) талаптарын ескере отырып реттеледі.</p> <p>Педагогтың жұмыс уақыты «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығымен (бұдан әрі – Қағида) реттеледі.</p> <p>Қағиданың 3-тармағына сәйкес педагогтердің жұмыс уақыты атқаратын лауазымына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының типі мен түріне қарай: оқу (оқытушылық), тәрбие жұмысын, білім алушылармен жеке жұмысты, лауазымдық міндеттерімен және (немесе) оқу-тәрбие жұмысының жоспарларымен көзделген ғылыми, шығармашылық және зерттеу жұмысын қамтиды.</p> <p>Қағиданың 13-тармағының 2-абзацына сәйкес білім алушылардың тәулік бойы болуы және белгілі бір уақыт, маусым ішінде болуы</p>

көзделген білім беру ұйымдарының педагогтері үшін білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлеріне, оқу сабақтарының ауысымдылығына және жұмыс кестесіне байланысты кемінде 12 сағат көлемде ауысымаралық демалыс беруді ескере отырып, жұмыс уақыты белгіленуі мүмкін.

Осы жағдайда, міндетті түрде Кодекстің 73-бабының 2, 3 - тармақтарына сәйкес ауысымдық жұмыс кезінде жұмыс ауысымының ұзақтығы, бір жұмыс ауысымынан екіншісіне өту ауысым кестелерімен белгілену тиіс.

Жұмыс беруші ауысым кестелерін осы кестелер қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жұмыскерлердің назарына жеткізеді.

Осылайша, интернаттық ұйымдар тәрбиешілерінің жұмыс уақыты ауысым кестесімен реттеледі. Әдетте, мұндай жұмыс уақыты режимінде жұмыс уақытының жиынтық есебі қолданылады. Жиынтық есеп-бұл ауысым ұзақтығы белгіленген нормадан ауытқып кетсе, есепті кезең (тоқсан, жыл) шеңберінде жұмыс істеген уақыттың ұзақтығын түзетуге мүмкіндік беретін жұмыс уақытын бөлу мен есепке алудың арнайы тәртібі.

Жұмыс уақытының жиынтық есебі нақты жұмыс жағдайлары бойынша жұмыс уақытының апталық нормасын қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде қолданылады.

Кодекстің 106-бабының 2-тармағына сәйкес жұмыс уақытын жиынтық есепке алу кезінде еңбекке ақы төлеу ауысым кестесі бойынша нақты жұмыс істеген жұмыс сағаттарының саны үшін жүргізіледі. Бұл ретте жалақыны есептеу тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс уақытының балансына сәйкес тарифтік мөлшерлеме (лауазымдық жалақы) және жұмыс уақытының айлық нормасы негізге алына отырып есептелген сағаттық тарифтік мөлшерлеме бойынша жүргізіледі.

Тәрбиешінің жұмыс уақыты ауысымдық кесте бойынша атқарылатын болғандықтан, түнгі немесе мереке күндеріндегі жұмыс уақытына қосымша ақы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Кодекстің 109-бабына сәйкес мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып 1,5 еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі.

Кодекстің 110-бабына сәйкес түнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағаты жұмыс берушінің еңбек немесе ұжымдық шарттарының және (немесе) актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ қызметкердің күндізгі (сағаттық) мөлшерлемесін негізге ала отырып 1,5 мөлшерден төмен емес мөлшерде төленеді.

Түнгі жұмыс уақыты мереке күніне тура келген кезде еңбекке ақы түнгі сағаттарға және мереке күндеріне жеке жүргізіледі. Сағат 22-ден 6-ға дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі.

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 Қаулысымен (бұдан әрі-Қаулы) бекітілген.

Осы Қаулының 3-тармағы 2)-тармақшасына сәйкес ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақысы (ЛА) атқаратын лауазымдарының функционалдық блоктарға жатқызылуына және мамандығы бойынша жұмыс өтіліне, біліктілік санатына қарай ЛА есептеу үшін бекітілген тиісті коэффициенттерді базалық лауазымдық айлықақыға БЛА (17 697 тг.) мөлшеріне көбейту жолымен есептеледі.

Педагогтардың жекелеген санаттары үшін ЛА (тарифтік мөлшерлемелер) аптасына белгіленген оқу жүктемесін негізге ала отырып айқындалады.

«Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының 8-бабы 3- тармағының 4) тармақшасына сәйкес интернаттық ұйымдардың, демалыс лагерьлерінің, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары жатақханаларының тәрбиешілерінің айлық жалақысын есептеу үшін бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі 30 сағатты құрайды.

Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 123 бұйрығына сәйкес біліктілігі жоғары деңгейдегі «тәрбиеші» лауазымы В3 буынына, ал біліктілігі орташа деңгейдегі В4 буынына жатады.

Біліктілік санатымен жұмыс өтілі біліктілік деңгейі арқылы ЛА есептеу коэффициенттері Қаулының 2-қосымшасынан алынады.

Айта кету керек! Жұмыс уақытын жиынтық есепке алу кезінде түнгі уақыт, мереке және демалыс күндері және үстеме жұмыс уақыты (олар болған жағдайда) үшін есептеу жұмыс берушінің бұйрығымен белгіленген есептік кезеңнің (айдың, тоқсанның, жылдың) қорытындылары бойынша жүргізіледі.

Артық жұмыс істеген сағаттар саны есептік кезеңдегі нақты жұмыс істеген сағаттар саны мен берілген кезеңдегі жұмыс уақытының балансы бойынша сағаттар саны арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

Мысалы: Тәрбиеші 30 сәуірден 1 мамырға қараған түні сағат 20.00-ден 08.00-ге дейін ауысымға түсті. Еңбекке ақы төлеу сағат 20.00-ден 08.00-ге дейін (ауысымына 12 сағат) сағаттық тарифтік мөлшерлеменің бір мөлшерінде (Тст.сағ.) жүргізіледі.

Сағаттық тарифтік мөлшерлемені тәрбиешінің лауазымдық жалақысынан және жұмыс уақытының орташа айлық балансы - 148,5 сағат (36 сағаттық алты күндік жұмыс аптасы) негізінде анықтаймыз.

(Тст.сағ.) =  $168\ 121 / 148,5 = 1\ 132$  тг.

(Тст.сағ.) = 12 x 1 132=13 584 тг.

Қосымша ақылар:

түнгі сағат (22-ден 6 сағатқа дейін) = (1 132 x 8 ) x 0,5=4 528тг.

мерекелік сағат (00.00-08.00 сағ.) = (1 132 x 8 ) x 0,5=4 528тг.

Кодекстің 85-бабының 2-тармағы және 109-бабына сәйкес мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі.

Көбінесе балалардың тәулік бойы болатын білім беру ұйымдарының тәрбиешілері Кодекстің 75-бабы негізінде жұмыс уақытының жиынтық есебіне ауыстырылады.

Жұмыс уақытының жиынтық есебі – жұмыс беруші белгілеген есептік кезеңдегі жұмыс уақытын жинақтау жолымен есептелген жұмыс уақытының есебі (Кодекстің 1-бабы 1-тармағы 48)-тармақшасы).

Кодекстің 75-бабының 1-тармағына сәйкес жұмыс уақытының жиынтық есебі үздіксіз жұмыс істейтін өндірістерде, цехтарда, учаскелерде және өндіріс (жұмыс) жағдайлары бойынша жұмыскерлердің осы санаты үшін белгіленген жұмыс уақытының күнделікті немесе апта сайынғы ұзақтығы сақталмайтын жұмыстардың кейбір түрлерінде қолданылады.

Кодекстің 84-бабының 4-тармағына сәйкес үздіксіз өндірістерде немесе өндірістік-техникалық жағдайлар бойынша немесе халыққа ұдайы үздіксіз қызмет көрсету қажеттілігі салдарынан демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін болмайтын өндірістерде істейтін, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерге (жұмыскерлер тобына) демалыс күндері ауысымдық кестелерге сәйкес аптаның әр күндері кезекпен беріледі.

		<p>Жұмыс уақытының жиынтық есебімен демалыс күніне түсетін ауысым, қызметкер үшін демалыс күні болып табылмайды. Сәйкесінше, демалыс күніндегі жұмысқа қосымша ақы тағайындалмайды.</p>
15.	Сағаттық еңбекақы қалай төленеді?	<p>Сағаттық ақы төлеу нақты орындалған оқу жүктемесінің көлеміне тепе-тең түрде жүзеге асырылады. Бұл жерде оқу (оқытушылық) жұмысының сағаттық ақы мөлшері орнын ауыстыратын қызметкердің біліктілігін ескеріп, орны ауыстырылатын лауазым бойынша апталық педагогикалық жұмыс сағаттарының белгіленген нормасына көзделген жалақыны орны ауыстырылатын лауазым бойынша жұмыс сағаттарының орташа айлық санына бөлу жолымен айқындалады. Жұмыс сағаттарының орташа айлық саны педагог жалақысының ставкасына белгіленген бір аптаға педагогикалық жұмыс сағаттарының нормасын бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы бойынша жылына жұмыс күндерінің санына көбейту және алынған нәтижені 5 немесе 6 (бір аптадағы жұмыс күндерінің саны), кейін 12-ге (бір жылдағы айлар саны) бөлу жолымен айқындалады.</p> <p>Бір жылдағы жұмыс күндерінің саны: алты күндік жұмыс аптасымен - 298; бес күндік жұмыс аптасымен - 246 күн.</p> <p>Сондай-ақ, ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 19-қосымшасында, оқитындар контингентіне <i>(мысалы: мектеп оқушылары, студенттер, курс тыңдаушылары)</i> байланысты мемлекеттік мекемелерде оқу сабақтарын өткізуге тартылатын қызметкерлердің сағат бойынша еңбекке ақыларын есептеу үшін коэффициенттер көзделген.</p>
16.	Сабақ беруді (мұғалімдер, оқытушылар,	<p>ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 «Азаматтық</p>

	<p>қосымша білім беру педагогтері және басқалары) жүзеге асыратын педагогтерге ерекше еңбек жағдайы үшін 10% мөлшерінде (барлық азаматтық қызметшілер үшін көзделген) үстеме ақы қалай есептеледі?</p>	<p>қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысының 18-қосымшасының 15-т. сәйкес мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықтан 10% мөлшерінде үстеме ақы тағайындалады.</p> <p>Нормативтік оқу жүктемесі белгіленетін педагогтер үшін лауазымдық айлық, шын мәнісінде, «айлық жалақы» болып табылады, өйткені ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне жалақы есептеу Қағидасының 13-тармағымен, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын есептеу үшін бір ай кезеңі қолданылады.</p> <p>Педагогтің айлық жалақысы бір айға тарифтік ставканы (лауазымдық айлықты) оның апталық нақты жүктемесіне көбейту және алынған көбейтіндіні ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңымен белгіленген апталық нормативтік оқу жүктемесіне бөлу жолымен айқындалады. Осылайша, еңбекақы төлеу жүйесімен көзделген қосымша және үстеме ақылар кірмейтін және шын мәнінде, қызметкердің лауазымдық айлығы болып табылатын жалақының негізгі бөлігі есептеледі.</p> <p>Сәйкесінше, жоғарыда көрсетілген үстеме ақы педагогтің нақты оқу жүктемесі бойынша ставкасынан есептелуі тиіс.</p>
17.	<p>Мектеп күзетшілеріне түнгі сағаттар және мереке күндеріндегі жұмыс үшін, егер бұл сағаттар мереке күндеріне сәйкес келсе, қосымша ақы қалай төленеді?</p>	<p>ҚР Еңбек кодексінің 110-бабына сәйкес түнгі жұмыс уақыты мереке немесе демалыс күніне тура келген кезде еңбекке ақы төлеу түнгі сағаттарға бөлек еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық)</p>

		<p>мөлшерлемесі негізге алына отырып, бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде және мереке немесе демалыс күндерінің сағатына еңбек немесе ұжымдық шарттардың және (немесе) жұмыс беруші актісінің талаптарына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) мөлшерлемесінен бір жарым еседен төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі.</p>
18.	<p>АӘД (алғашқы әскери және технологиялық дайындық) оқытушы-ұйымдастырушысының жалақысын есептеу қалай жүзеге асырылады? АӘД оқытушы-ұйымдастырушыларына педагогикалық шеберліктің біліктілік санатына және жаңартылған білім мазмұны үшін қосымша ақы төленеді ме?</p>	<p>«Мемлекеттік ұйымдар Педагогтарының жалақысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығының 13 тармағына сәйкес педагогтердің лауазымдық айлықақысын апталық нақты жүктемесіне көбейту және шыққан нәтижені «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңында белгіленген нормативтік апталық оқу жүктемесіне бөлу жолымен есептеледі.</p> <p>Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушылардың (бастапқы әскери және технологиялық даярлықты ұйымдастырушы оқытушылардың) айлық жалақысын есептеу лауазымдық жалақыдан және жоғарыда көрсетілген жалпы негіздерде есептелетін нақты апталық жүктеме бойынша оқу сағаттарына ақы төлеуден құралады.</p> <p>Оқушылардың жазғы дала жиындарын өткізу жеке төленбейді.</p> <p>Жаңартылған білім беру мазмұны үшін қосымша ақы нақты оқу жүктемесін ескере отырып, бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушының (бастапқы әскери және технологиялық даярлықты ұйымдастырушы оқытушының) лауазымдық айлықақысына 30% мөлшерінде белгіленеді.</p> <p>Сондай-ақ Салалық деңгейде білім және ғылым саласы қызметкерлері үшін еңбек жағдайын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі 2024-2026 жылдарға арналған Әлеуметтік әріптестік туралы салалық келісімге 5.16 тармағы, яғни бастауыш АӘД оқытушы-ұйымдастырушылардың айлық жалақысы, лауазымдық айлықақы және апталық жүктеме</p>

		бойынша нақты оқу сағатына жалпы негізде есептелген ақыдан құралады деген норма енгізілген.
<b>II. ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНЫҢ АҚЫСЫН ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ЖӘРДЕМАҚЫСЫН ТӨЛЕУ</b>		
19.	Еңбек демалысының ақысын есептеу механизмі қандай?	<p>Еңбек демалысы кезінде қызметкерге ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 908 бұйрығымен бекітілген орташа жалақыны есептеудің Бірыңғай қағидаларымен белгіленген тәртіпте есептелген орташа жалақы төленеді.</p> <p>Орташа айлық жалақыны есептеу, бес күндік, сондай-ақ алты күндік жұмыс аптасында белгіленген қосымша ақылар мен үстеме ақылар, сыйлықақылар және еңбекақы төлеу жүйесінде көзделген тұрақты сипаттағы басқа да ынталандыру төлемдері ескеріле отырып, тиісті кезеңдегі орташа күндік (сағаттық) жалақының есебінен нақты жұмыс істелген уақыт үшін жүргізіледі.</p> <p>Орташа айлық жалақыны есептеу кезінде жеке төлемдер (барлығы 19) ескерілмейді, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі үшін өтемақы;</li> <li>- еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы;</li> <li>- жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын беру кезінде қызметкерлерге төленетін сауықтыруға арналған жәрдемақы;</li> <li>- қызметтік іссапарға жіберілетін қызметкерлерге берілетін өтемақы.</li> </ul> <p>Қызметкердің орташа жалақысы орташа күндік жалақыны еңбек демалысының кезеңіне келетін жұмыс күндерінің санына көбейту жолымен есептеледі.</p> <p>Орташа күндік жалақы есеп айырысу кезеңінде есептелген жалақы сомасын еңбек демалысы кезеңіндегі жұмыс күндерінің санына бөлу жолымен айқындалады.</p> <p>Егер есеп айырысу кезеңі жұмыспен толық өтелмесе, онда орташа</p>

		<p>күндік жалақы жұмыс істелген уақыт үшін есептелген жалақының сомасын осы жұмыс істелген уақытқа сәйкес келетін бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы кезіндегі жұмыс күндерінің санына тиісінше бөлу жолымен айқындалады.</p> <p>Жоғарыда аталған Бірыңғай қағиданың 13-тармағының мазмұнына ерекше назар аудару қажет, онда лауазымдық жалақы арттырылған жағдайда орташа жалақыны есептеу арттыру коэффициентін ескере отырып, мынадай тәртіппен жүргізіледі делінген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) егер арттыру есеп айырысу кезеңінде жүргізілсе, арттырудың алдындағы әрбір ай үшін орташа жалақы арттыру коэффициентін ескере отырып есептеледі;</li> <li>2) егер арттыру есеп айырысу кезеңінен кейін оқиға болғанға дейін жүргізілсе, есеп айырысу кезеңі үшін орташа жалақы арттыру коэффициентін ескере отырып есептеледі;</li> <li>3) егер арттыру оқиға кезеңінде жүргізілсе, орташа жалақының бір бөлігі лауазымдық жалақы (мөлшерлеме) арттырылған күнінен бастап көрсетілген кезең аяқталғанға дейін арттыру коэффициентін ескере отырып есептеледі.</li> </ol> <p>Арттыру коэффициенті арттырудың соңғы айында белгіленген тарифтік ставканы (лауазымдық айлықты) арттыруға дейін белгіленген әрбір тарифтік ставкаға (лауазымдық айлыққа) бөлу жолымен есептеледі. Арттыру коэффициенті есептеу мерзімі шегінде әрбір сәйкес айдың есептелген жалақысының жалпы сомасына қолданылады. Арттыру коэффициенті:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қызметкерді бір лауазымнан екіншісіне ауыстырған кезде;</li> <li>2) лауазымдық айлық мөлшерін есептеу кезінде ескерілетін қызметкер мамандығы бойынша жұмыс өтілін көбейту кезінде немесе жұмысшының біліктілік разрядын арттыру кезінде қолданылмайды.</li> </ol>
20.	Қоса атқарушы қызметкерлерге еңбек	Еңбек шарты негізінде қоса атқару жағдайында еңбек қызметін

	<p>демалысы және сауықтыру жәрдемақысы төлене ме?</p>	<p>жүзеге асыратын тұлғаларға жұмыс берушілер еңбек демалысының ақысын және азаматтық қызметшілердің еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақысын төлеуге міндетті. Жәрдемақы жалпы негіздемеде тағайындалып, төленеді.</p> <p>Қоса атқару жұмысы кезінде жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы ҚР Еңбек кодексінің 92-бабының 5-тармағына сәйкес беріледі: «Қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы негізгі жұмысы бойынша демалыспен бір мезгілде беріледі. Егер қоса атқаратын жұмыс туралы еңбек шарты бойынша жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысының ұзақтығы негізгі жұмыс бойынша демалыстың ұзақтығынан аз болса, жұмыс беруші қоса атқарушы жұмыскердің өтініші бойынша оған демалыстар ұзақтығының айырмасын құрайтын күндерге жалақы сақталмайтын демалыс береді».</p>
<p>21.</p>	<p>Егер қызметкер факультатив және ваканттық сағаттары бойынша қосымша сағаттар өткізуіне байланысты бір жыл ішінде жалақысы өзгерген болса, орташа күндік жалақыны қалай есептеуге болады? Бухгалтерия оларды еңбек демалысы күндерінің төленген ақысының есебіне ала ма?</p>	<p>ҚР Еңбек кодексінің 111-бабының 1-тармағының ережелеріне сәйкес сол бір ұйымда, еңбек шартында көзделген өзінің негізгі жұмысымен қатар басқа немесе осындай лауазым бойынша қосымша жұмыс орындайтын не уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін өзінің негізгі жұмысынан босатылмай орындайтын жұмыскерлерге <i>қосымша ақы жүргізіледі</i>.</p> <p>ҚР Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының 37)-тармақшасындағы ережелерін ескерсек, <i>жалақы</i> – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйлықақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.</p> <p>Қоса атқару үшін қосымша ақы нақты жұмыс істелген уақыт үшін жалақының бөлігі болып табылады, сондықтан қоса атқарғаны үшін</p>

		<p>қосымша ақы орташа жалақының есебіне қосылады.</p> <p>Осылайша, факультатив сағаттарын, сондай-ақ өзге де сағаттарды жүргізу бойынша қосымша сағаттарды өткізгені үшін төленген сома орташа жалақының есебіне қосылуы тиіс. Орташа жалақы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №908 бұйрығымен бекітілген орташа жалақыны есептеудің Бірыңғай қағидаларымен белгіленген тәртіпте есептеледі.</p>
22.	<p>Азаматтық қызметшілердің еңбек демалыстарына сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері қалай есептеледі?</p>	<p>ҚР Еңбек кодексінің 139-бабының 10-тармағына сәйкес азаматтық қызметшілерге лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күннен кем болмайтын жыл сайынғы ақы төленетін негізгі еңбек демалысы беріледі.</p> <p>Жұмыс көлемі оқу жүктемесімен айқындалмайтын (директор, әлеуметтік педагог, әдіскер, педагог-психолог және т.б.) білім беру ұйымдарының штаттық қызметкерлерінің лауазымдық айлықтарының мөлшері базалық лауазымдық айлықақыны тиісті коэффициентке көбейту жолымен айқындалады.</p> <p>Бірқатар педагогтер үшін ҚР қолданыстағы заңнамасымен еңбекақыны қалыптастыратын факторлардың бірі ретінде нормативтік оқу жүктемесі белгіленген, сол арқылы айлық жалақы айқындалады (ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 8-бабының 3)-тармақшасы). Олардың жалақысын есептеу үшін тарифтік ставка қолданылады.</p> <p>ҚР Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының 73)-тармақшасына сәйкес тарифтік мөлшерлеме (айлықақы) – жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері.</p> <p>Дегенмен «лауазымдық айлық» және «тарифтік мөлшерлеме»</p>

		<p>ұғымдары жалпы мағына бергенмен, бірдей емес.</p> <p>Лауазымдық айлық – күнтізбелік айда еңбек (лауазымдық) міндеттерін орындағаны үшін қызметкердің еңбекақысының тіркелген мөлшері. ҚР Еңбек кодексінің ережелеріне сәйкес лауазымдық айлық жұмыс істелген уақытқа немесе орындалатын жұмыс көлемінің көбеюіне байланысты тепе-тең өзгертуге келмейді.</p> <p>Лауазымдық айлық негізінде төленетін қызметкерлер үшін, жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс жұмыс ҚР Еңбек кодексінің 108-б. сәйкес үстеме жұмыс ретінде белгіленіп, бір жарым еседен кем болмайтын мөлшерде ақы төленеді.</p> <p>Жұмыс көлемінің көбеюі кезінде еңбекақы төлеу теңбе-тең өзгеруі мүмкін және мұғалімнің жалақысы нақты нормаға белгіленген ставка негізінде есептелген жағдайда, үстеме жұмыс ретінде қаралмауы мүмкін.</p> <p>Оқу-тәрбие процесінде тікелей жұмыс істейтін мұғалімдер мен кейбір басқа педагогтер үшін мұндай норма жалақының бір тарифтік ставкасына нормативтік оқу жүктемесі болып табылады.</p> <p>ҚР Еңбек кодексінің нормаларында «тарифтік мөлшерлеме» және «лауазымдық айлық» ұғымдары әртүрлі мағына береді. Мысалы, кодекстің 1-бабының 1-тармағының 59)-тармақшасы: «негізгі жалақы – тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық айлықақылар, кесімді бағалар бойынша төлемді қамтитын, жалақының салыстырмалы түрдегі тұрақты бөлігі... (әрі қарай мәтін бойынша). Немесе, ҚР Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағында «Азаматтық қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу»: «Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мамандарға, егер ҚР заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша</p>
--	--	--

бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықтарымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықтары мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленеді».

Тарифтік ставка мұғалімдердің, оқытушылардың, тәрбиешілердің және т.б. жалақысын есептеу механизмінде басты буын болып табылады.

Нормативтік оқу жүктемесі белгіленетін педагогтер үшін лауазымдық айлық, шын мәніде, «айлық жалақы» болып табылады, себебі ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №191 бұйрығымен бекітілген бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне жалақы есептеу Қағидасының 13-т. бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысын есептеу үшін айлық жалақы қолданылатыны белгіленді.

Педагог қызметкерлердің айлық жалақысы бір айдағы тарифтік ставканы (лауазымдық айлықты) олардың бір аптаға нақты жүктемесіне көбейту және алынған көбейтіндіні ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңымен белгіленген апталық нормативтік оқу жүктемесіне бөлу жолымен айқындалады. Осылайша, еңбекақы төлеу жүйесімен көзделген қосымша және үстеме ақылар кірмейтін және шын мәнісінде, қызметкердің лауазымдық айлығы болып табылатын жалақының негізгі бөлігі есептеледі.

Мұндай мәселелерді шешу кезінде сондай-ақ ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің 2008 жылғы 6 маусымдағы «Азаматтық қызметшілерді сауықтыруға арналған жәрдемақыға қатысты» № 06-01-17/3169 хатын басшылыққа алған жөн. Бұл құжаттағы мәлімет төмендегідей: «Еңбек заңнамасына сәйкес қызметкердің айлық жалақысының мөлшері қызметкердің

		<p>біліктілігіне, орындалатын жұмыс саны мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайына байланысты саралап белгіленеді.</p> <p>Бұл жерде еңбек көлемі еңбек шамасын құрайды, яғни сараланған жалақы негізі болып табылатын нақты сапаның белгіленген еңбек көлемі.</p> <p>Мерзімдік еңбекақы төлеу жүйесінде жұмыс істелген уақыт ескеріледі және ақы әрбір нақты қызметкерге оның біліктілігін ескеріп, белгіленген тарифтік ставка немесе лауазымдық айлық негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Лауазымдық айлық жалақының құрамдық бөлігі болып табылады.</p> <p>Осыған байланысты, сауықтыруға арналған жәрдемақы әрбір қызметкерге оның еңбек көлеміне, атқаратын лауазымына, орындалатын жұмысына және т.б. байланысты лауазымдық айлық мөлшерінде жеке белгіленеді және төленеді».</p> <p>Бұл жағдаймен келіспеуге болмайды, себебі бір аптада 9 сағат көлемінде оқу жүктемесі бар мұғалімнің және апталық оқу жүктемесі 27 сағат құрайтын басқа мұғалімнің еңбек шамалары әртүрлі, демек, лауазымдық айлықтары да әртүрлі – қосымша және үстеме ақысыз айлық жалақы.</p> <p>Сондай-ақ, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 12-бабының 5-тармақшасының 1)-тармақшасына сәйкес ауылдық елді мекенде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогке жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қала жағдайында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің ставкаларымен салыстырғанда айлықақылар мен тарифтік ставкалар кемінде жиырма бес пайызға арттырылып белгіленеді.</p> <p>Осылайша, сауықтыруға арналған жәрдемақы ауылдық жердегі жұмысы үшін арттырылған жалақының есебімен есептеледі.</p>
23.	Білім беру ұйымдарының басшылары мен	Егер, білім беру ұйымдарының басшылары мен олардың

	<p>олардың орынбасарларына пәндерден сабақ беру бойынша қосымша жұмыстары үшін сауықтыру жәрдемақысы төлене ме?</p>	<p>орынбасарлары еңбек шарты негізінде қоса атқару жағдайымен көлемі 0,5 нормативтік оқу жүктемесінен аспайтын қосымша жұмысты орындаса, онда ақы төленетін еңбек демалысына шыққан кезде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.</p> <p>ҚР Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының 56)-тармақшасына сәйкес жалпы ереже бойынша қоса атқарылатын жұмыс – қызметкердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында тұрақты, ақы төленетін басқа жұмысты орындауы болып табылады.</p> <p>Егер, білім беру ұйымдарының басшылары мен олардың орынбасарлары белгіленген 40 сағаттық жұмыс аптасы шегінде қосымша жұмыс орындаса, онда ақы төленетін еңбек демалысына сауықтыру жәрдемақысы төленбейді.</p>
24.	<p>Жеке меншік мектеп мұғалімдері сауықтыру жәрдемақысы төленетін, 56 күнтізбелік күн демалысын алуға құқылы ма?</p>	<p>ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 12-бабының 1-тармағының 3), 4) тармақшаларымен педагогтер үшін төмендегі әлеуметтік кепілдіктер белгіленген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ұзақтығы күнтізбелік 56 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы;</li> <li>- өздеріне кезекті еңбек демалысы берілген кезде күнтізбелік жылда бір рет кемінде бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы.</li> </ul> <p>Көрсетілген әлеуметтік кепілдіктер барлық меншік түріндегі білім беру ұйымдарында қолданылады.</p> <p>Жоғарыда аталған Заңның 1-бабының 1)-тармақшасында «педагог» ұғымының анықтамасы: педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.</p>

		<p>ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңының 3-бабына сәйкес осы Заңның күші мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, мамандандырылған, арнаулы білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ әдістемелік кабинеттерде кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтерге қолданылады.</p> <p>Осылайша, аталған заңнамалық актінің нормаларының күші, заңның өзімен белгіленген оның жеке ережелерін қоспағанда, барлық меншік түріндегі ұйымдарға қолданылады.</p> <p>ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңның 8-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес жекеменшік білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтердің еңбегіне ақы төлеуді олардың құрылтайшылары немесе соған уәкілеттік берілген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындайды.</p> <p>Сонымен қатар, ҚР Еңбек кодексіне сәйкес қызметкер және жұмыс беруші арасында еңбек шарты жасалып, онда еңбекақы төлеу шарттары келісіледі.</p>
25.	Еңбек демалысының ақысы және сауықтыру жәрдемақысы неше күнде есептеледі? Еңбек демалысының ақысын келесі айда төлеу заңды ма?	<p>ҚР Еңбек кодексінің 92-бабының 4-тармағына сәйкес жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу – ол басталғанға дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал еңбек демалысы демалыстар кестесінен тыс берілген жағдайда, ол берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.</p>
<b>III. ӨЗГЕ СҰРАҚТАР</b>		
26.	Бұқаралық бөлім меңгерушілері және балалар мен жасөспірімдер шығармашылық үйінің әдістемелік бөлім	<p>ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №123 бұйрығымен бекітілген Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдары Тізіліміне сәйкес облыстық</p>

